



ӘСКЕРИ МАМАНДЫҚ ҚАЗАҚҚА ЖАТ ПА?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕҢБЕКТІ ҚАНАУ – ЕЛДІККЕ СЫН

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



АЛТЫНШЫ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеруде. Технологиялық бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналды. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды. Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет.

№105 (4538)

Сейсенбі 5 қыркүйек 2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



3

## ТҮРКІСТАННАН ЖЕТКЕН СЫЙ

Елорда тұрғындарының саны көбейген сайын азық-түлікке деген сұраныс та арта түскені анық. Осы жағдайды ескерген Астана қаласының әкімдігі елордада өңірлер жәрмеңкесін өткізуді дәстүрге айналдырған. Биылғы күзгі азық-түлік жәрмеңкесін Түркістан облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер бастады. Өткен демалыс күндері оңтүстік өңір диқандары елордаға 556 тонна өнім әкелді. Астанада өтетін өңірлер жәрмеңкесінің басты ерекшелігі – өнімдер нарықтағыдан төмен бағамен сатылады.

## ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Кеңесте негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша елорда дамуының оң динамикасы атап айтылды.

Жиында инвестиция тарту мәселесіне ерекше назар аударылды. Елорда инвестиция тартуда тау-кен емес өңірлер арасында көш басында тұр. Осы жылдың 7 айында инвестиция көлемі 9,2 пайызға артып, 678,5 миллиард теңгеге жетті.

Президент атап өткендей, қазіргі кезеңде ең маңызды міндет – елдің берік өнеркәсіптік қаңқасын қалыптастыру. Жыл соңына дейін өңдеу өнеркәсібі саласындағы 15 жобаны қоса алғанда, жалпы сомасы 87 миллиард теңгеге 25 жобаны қолданысқа беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ бас қала шағын және орта бизнестің өңірлік экономикаға қосқан үлесі бойынша көшбасшы орнын сақтап отыр. Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында биыл жыл басынан бері жалпы сомасы 44,9 миллиард теңгеге 700-ге жуық жобаға қолдау көрсетілді.

2

## ҮШ КҮН ЖАҢБЫР ЖАУАДЫ

«Қазгидромет» РМК мамандары 5-7 қыркүйек аралығында Астана жаңбырлы болатынын болжайды. Үш күнде де түнде және таңертең тұман болады.

Атап айтқанда, 5-6 қыркүйекте көшпелі бұлт ойнап, ауық-ауық жаңбыр жауады. Ауа температурасы түнде +6-8°C, күндіз +13-15°C шамасында болады. 7 қыркүйекте көшпелі бұлт сақталғанмен, жауын-шашын саябырлайды.

Ал осы күндері ауа райының температурасы Алматыда +23-25, Шымкентте +27-29 градус жылы, жауын-шашын болмайды деп болжанады.



8

## ASTANA MARATHON-да 2000 АДАМ ЖҮГІРДІ

Астанада дәстүрлі Astana Marathon 2023 марафоны өтті. Жарысқа Қазақстан қалаларынан, сондай-ақ, басқа елдерден 2 мыңға жуық жүгіруші қатысты.

Жарысқа Австралия, Ұлыбритания, Германия, Польша, Португалия, Ресей, Испания, АҚШ, Нидерланд, Өзбекстан және Оңтүстік Корея елдерінен әуесқой спортшылар келді. Марафонда 18 жастан асқандар классикалық 42,2 шақырымға жүгірсе, 18 жасқа дейінгілерге 10 шақырымдық жарыс ұйымдастырылды.

## НЕСИЕ АЛУ ЖЕҢІЛДЕДІ

Жастарға шағын несие беруге қабылданып кепіл түрлерінің тізбесі кеңейтілді. Шағын несие 21 мен 35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлерге беріледі.

Енді жастарға 2,5 пайызбен жеңілдетілген шағын несие беру үшін қабылданатын кепілді мүлік түрлерінің тізбесі кеңейтілді деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Бастысы, өтініш беруші жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі керек. Олар 2,5 пайызбен 5 миллион теңгеге дейін несие алады. Несиені 5 жылға дейін өтеуі қажет. Сондай-ақ, шағын

несие алушылар үшін негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең беріледі, ол шағын несие мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды. Кепілмен қамтамасыз етудің болуы – міндетті шарт.

Жастарға микрокредит беру бойынша толығырақ ақпаратпен және жиі қойылатын сұрақтармен www.agrocredit.kz сайтында танысуға болады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.22 \$ USD/KZT 462.04 ₰ RUB/KZT 4.89 ¥ CNY/KZT 63.47

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында халық арасындағы құмар ойынға тәуелділік мәселелері қарастырылды.

«Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды» деді Президент.

Президент осы жаман әдетке, әсіресе, жастар әуес екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды.

«Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс» деді Президент.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы салалық министрліктерге нақты міндеттер жүктеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құмар ойынға тәуелді азаматтардың қатысы бар құрылымдарды көбейгеніне құқық қорғау органдарының назарын аударып, алдын алу жұмыстарын жүргізіп, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді. Президент елімізде лудоманияның белең алуына қарсы бағытталған әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда қоғамның, дін қызметкерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі ерекше екенін атап өтті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ойын бизнесі саласындағы қаржылық және басқа да құқық

бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын жаңдануы қажет екеніне назар аударды.

«Барлық қаржы қозғалысын қадағалап, заңға қайшы әрекет анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдау маңызды» деді Президент.

Жиын барысында Үкімет мүшелері мен бірқатар мемлекеттік орган басшылары баяндама жасады. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев халық арасындағы құмар ойынға тәуелділікпен күресу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық-идеологиялық шаралар кешенін қабылдауды тапсырды.

## ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Астанада туристік саланы дамыту да маңызды бағытқа айналып келеді. Искерлік және медициналық туризмді дамытуды жалғастыру, Астана брендині ілгерілету және қажетті инфрақұрылым мен сервис құру жоспарланған. Медициналық туризмді дамыту үшін республиканың 46 емханасы мен медициналық ұйымдарын біріктіретін қауымдастық құрылды, ол 10 шетелдік қауымдастықпен ынтымақтастық қарым-қатынаста. 15-17 қыркүйек аралығында өтетін «Comic Con» фестивалі шығармашылық индустрия саласындағы маңызды оқиға болмақ және оған 70 мыңнан астам адам келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру

мен инновацияларға ерекше назар аударды. Мақсаты – Қазақстанды IT-елге айналдыру. Интернетті жақсарту жұмысы кемшіліктерді екі есе азайтуды және 300 шақырымнан астам талшықты байланыс желісін салуды қамтиды. Сондай-ақ астаналық IT-кәсіпкерлердің жобаларын қолдау басымдыққа ие.

Энергетикалық қауіпсіздікке тоқталсақ, қаланың жаңа құрылысын сенімді электрмен және газ жылу станцияларының құрылысы жүргізілуде, бұл қаланы қосымша жылу қуатымен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ №2 көріз-тазарту құрылысы жобалануда, оның

басталуы биыл қазан айына жоспарланған, бұл қаланың шеткі аймақтарын да, жаңа құрылыс аудандарын да орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтуға мүмкіндік береді. Даму тұжырымдамасының маңызды аспектісі су тапшылығын жоюды, қоршаған ортаға тарайтын қалдықтарды азайтуды және қайта өңделген қалдықтардың үлесін 40 пайызға дейін арттыруды есепке алғанда «жасыл экономикаға» көшу болып саналады.

Кенестің қорытындысы бойынша Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асырудың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуді тапсырды.



## ПРИГОРОДНЫЙДЫҢ ТҮЙТКІЛДЕРІ ШЕШІЛЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Есіл ауданындағы Пригородный елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Жиында тұрғындар тарапынан тасжолдар, аулалар мен қоғамдық кеңістіктер салу, апатты және ескі тұрғын үйлерді бұзу, газ құбырын тарту, әлеуметтік нысандардың құрылысын жүргізу сияқты мәселелерді көтеріп, әкімнен жауабын күтті.



«Аудандар мен елді мекендердің тұрғындарымен тұрақты кездесіп тұрамын. Жақында Пригородный елді мекенінің тұрғындарымен кездестім. Өткен кездесудің қорытындысы бойынша біз «Жол картасын» жасаған едік, онда 30-дан аса түрлі мәселе қарастырылды. Бүгінгі кездесуде осы мәселелерге жан-жақты шолу жасалды: 19 мәселе шешілді, тағы 12-сін шешу жұмысы жүріп жатыр» деп жазды әкім әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қала басшысы 2024-2025

жылдары ұлттық жоба аясында елордада 24 жайлы мектеп салынатынын мәлімдеді. Оның 15-і Есіл және Нұра аудандарында орналасады, сол сияқты жаңа форматтағы мектеп Пригородный елді мекенінде де болады.

«Сонымен қатар кездесу барысында тұрғындар бассейні мәселесін көтерді. Қалада бассейн деген қажеттілік бар. Алдағы 3 жылда, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 15 оқушылар сарайын салуды жоспарлап отырмыз.

Олардың бірі Пригородный елді мекенінде орналасады, тиісінше, онда бассейн де болады» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

Елді мекендердегі әтекті мәселелердің бірі – апатты жағдайдағы тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу. Әкім 2024 жылы мұндай үйлерден тағы 700 тұрғынды көшіру жоспарланғанын жеткізді.

«Бүгінгі тұрғындармен кездесуден кейін ең алдымен қандай мәселелерді шешуіміз керек екенін анықтаймыз» деп түйіндеді сөзін қала басшысы.

## АУЫС-ТҮЙІС ЖАЛҒАСУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымын қайта құру туралы Жарлыққа қол қойды. Президент Әкімшілігінің жаңартылған құрылымына мынадай лауазым иелері кіреді: Президент Әкімшілігінің басшысы, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Президент Кеңесінің бастығы, Президенттің көмекшілері, Президенттің кеңесшілері, Президент Әкімшілігінің бөлімдері.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен 5 жаңа министрлік құрылды: Су ресурстары және ирригация министрлігі; Көлік министрлігі; Туризм және спорт министрлігі; Мәдениет және ақпарат министрлігі; Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі. Кеше Премьер-министр Әлихан Смайылов Президент Жарлығымен тағайындалған Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны, Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевті, Көлік министрі Марат Қарабаевты, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау ми-

нистрі Светлана Жақыпованы, Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаевты, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты ұжымдарына таныстырды.

Серік Жұманғарин мен Тамара Дүйсенова Премьер-министрдің орынбасары болып тағайындалды. Бұрынғы Ішкі істер министрі Марат Ахметжановтың орнын өзінің орынбасары Ержан Сәденов басты. Сәл кейінірек ауыс-түйіс жалғасып, Ұлттық банкке жаңа төраға болып Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі Тимур Сүлейменов келді. Алматы облысының экс-әкімі Қанат Бозымбаев Президенттің кеңесшісі ла-

уазымына тағайындалды. Ал Жамбыл облысының бұрынғы әкімі Нұржан Нұржігітов Су ресурстары және ирригация министрі, Қанат Шарлапаев Өнеркәсіп және құрылыс министрі орынғағына жайғасты.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Руслан Желдібай – Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі; Ержан Қазыхан – Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық мәселелер жөніндегі көмекшісі; Ержан Жиенбаев Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі лауазымына тағайындалды.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Қырғызстан президенті елдегі тіл мәртебесіне бар жан-тәнімен кірісіп кетті.**

Өйткені бауырлас мемлекетте қырғыз тілінде диктант жазуға қатысу барлық азамат үшін міндеттелді. Бұл туралы дәстүрлі тамыз педагогикалық конференциясында елдің Білім және ғылым министрі Қаныбек Иманалиев мәлімдеді. Шенеунік білім беруде үлкен проблемалар бар екенін мойындады. Ол аздай, Қ.Иманалиев Қырғызстандағы білім сапасының төмен болуына мұғалімдер кінәлі деді.



**Ұлыбритания үкіметі Үлкен Лондон деп аталатын аймаққа кіру үшін ақы енгізді.**

Бұл – 2006 жылға дейін құрастырылған газбен жүретін көліктерге, сондай-ақ 2015 жылға дейінгі дизельді автоларға қатысты талап. Яғни салық арқылы атмосфераға шығатын зиян түгінді азайту – басты мақсат. Дәл осындай ереже бұрын Лондонның орталығына кіру үшін қолданылған. Ел билігі бұл заң 9 миллионнан астам адамның денсаулығына тікелей әсер ететінін жариялады.



**АҚШ-тың Невада штатында жылда шөл далада өтетін танымал «Burning Man» фестиваліне келген мыңдаған адам үйіне қайта алмай, айдалада қалып қойды.**

Нәсер жауын салдарынан жолдарды су шайып кетті. Осы штатта орналасқан Лас-Вегас көшелерін де су басты. 4 мыңнан аса адам жарықсыз қалды. Ұшу керек болған жүздеген рейс уақытынан кешігіп жатыр.



## ЭНЕРГЕТИКТЕРМЕН БІРЛЕСІП ТАЛҚЫЛАДЫ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек «Астана-АЭК» АҚ жұмысымен танысты. Қала басшысы кездесуде қаладағы электрмен жабдықтаудың қазіргі және перспективасы схемасы мәселелерін энергетиктермен бірлесіп талқылады.

«Қаладағы жайлы өмір инженерлік желілердің жұмысымен тікелей байланысты. Қаланың кеңейіп, тұрғындар санының өсуін ескерер болсақ, коммуникацияларға түсетін күш артып келеді. Барлық желілер бойынша жүйелі жұмыс жүргіземіз. «Астана-АЭК» АҚ-қа арнайы барып, қаламызды электрмен жабдықтаудың қазіргі және перспективасы схемасы

мәселелерін энергетиктермен бірлесіп талқыладық. 2023-2024 жж. жылыту маусымына дайындық аясында 110 кВ әуе желілеріне, 10 кВ әуе желілеріне күрделі жөндеу жүргізілді, сол сияқты кернеуі 20-10 кВ тарату трансформаторлық қосалқы станцияларының күрделі жөндеу жұмысы аяқталуға жақын» деп жазды Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Бұдан бөлек, қала әкімі «Мыңжылдық» аллеясы ауданындағы жаңа нысандарды электрмен жабдықтауға қосу үшін 40 МВА трансформаторларын 80 МВА-ға ауыстырып, «Жұлдыз» 110/10 кВ қосалқы станциясын қайта құру жұмысы жүргізілетінін мәлім етті.

«Теміржолшылар елді мекенінің тұтынушыларын қаланың электр желісіне қайта қосу үшін жаңа «Қазбек» 110 кВ қосалқы станциясының құрылысы басталды» деді Жеңіс Қасымбек.

Сол сияқты кездесуде өзге де түйткілді мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды.

## ТҮРКІСТАННАН ЖЕТКЕН СЫЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бас қалада өткен сенбі-жексенбі күндері ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін Түркістан облысының шаруалары бастады. Жәрмеңкеге 80-нен астам тауар өндірушілер өзімен бірге 556 тоннаға жуық өнім алып келді.

Астана тұрғындарына көкөністер, жемістер, балық, ет, сүт және басқа да өнімдер ұсынылды. Жоғарыда аталған өнімдердің құны нарық бағасынан төмен.

«Мен үшін бұл, ең алдымен, қолжетімді баға және жақсы таңдау. Сіз мұнда әлдеқайда арзан өнім сатып аласыз. Жәрмеңкенің қаланың бірнеше нүктесінде өткенін қалаймын. Себебі барлығына оған ыңғайлы жетуге мүмкіндік болар еді» дейді қала тұрғыны Әсем Орсаева.

Ұйымдастырушылар келесі аптада жәрмеңкеге Жамбыл және Атырау облыстарынан көкөніс, балық өнімдері әкелінетінін хабарлады. Тұрғындар тиімді бағамен азық-түлік сатып алып қана қоймай, концерттік бағдарламаны да тамашалайды. Жәрмеңке әр демалыс күндері 2 қыркүйектен 29 қазанға дейін ҚазҰОУ алдындағы Тәуелсіздік даңғылы, 50 мекенжайы бойынша өтеді.



### Индонезия астанасы Джакарта Азия-Тынық мұхиты елдері қауымдастығының саммитін өткізуге дайындалып жатыр.

Басқосуда аймақтың экономикалық дамуы, қауіпсіздік, климаттың өзгеруі, өңірдегі тұрақтылық сынды мәселелер қарастырылмақ. Әсіресе Оңтүстік Қытай теңізіндегі, аумақтық араздықтар кеңінен талқылануы мүмкін.



### АҚШ-та ковидтің «Eris» деп аталатын түрі тез тарап жатыр.

Соңғы кездері бұл вирусты жұқтырып ауруханаға түскендер саны күрт артқан. Дәрігерлер ковид күзге қарай тіпті өршуі мүмкін деп дабыл қағып отыр. Ковидтің «Eris» деп аталатын түрі қазір АҚШ-тағы негізгі штамның біріне айналды. Бұл омикронның субварианты, өте жұқпалы түрі саналады. Тамызда елде тіркелген науқастардың бестен бірінен инфекцияның осы түрі анықталды.

## ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРТУЫ

5 қыркүйек – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Осыны ескерген ел Үкіметі 2017 жылы осы күнді Қазақстан халқы тілдері күні етіп бекітті. Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тілдер мерекесін бір ай бойы өткізеді. Тиісті шаралар бүгін «Қаламгерлер» аллеясындағы «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Тағым шарасына ақын-жазушылар, қала жұртшылығы, мұғалімдер, студенттер, мектеп оқушылары қатысады. Сондай-ақ бүгін қала мекемелерінде Тілдер күніне арналған апталық басталып, оның аясында ашық сабақтар, семинарлар, дөңгелек үстел отырыстары, түрлі байқаулар ұйымдастырылады. Аталған апталық балабақшалар мен мектептерде, мәдениет, медицина, спорт бағытындағы және басқа да мемлекеттік мекемелерде өтеді.

Жалпы елордада Қазақстан халқы тілдері күніне арналған негізгі онға тарта шара өткізу жоспарланған. Соның ішінде көрнекті тұлғалардың даналық сөздерінен аудиоматериалдар дайындалып, 5 қыркүйектен бастап қоғамдық көліктерде орналастырылады. Қала саябақтары мен автобустарда викториналық ойындар ұйымдастырылып, жекеменшік көліктерге патриоттық

жазбалар, бейнелер қондырылады. Алаштың ардақты ақыны Мағжан Жұмабайұлының 130 жылдығына орай жас ақындардың қатысуымен поэзия кеші, қала тұрғындары мен қонақтарына арналған «Сіз қазақ тілін білесіз бе?» викторинасы ұйымдастырылады. Астана қаласы әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекеме қызметкерлері арасында «Қазақша Quiz» интеллектуалды сайысы өтеді. Астана қаласындағы жас отбасылар арасында салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар бойынша сайыс ұйымдастырылады.

Көрнекті жазушы-драматург, кинодраматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Таразидің 90 жас мерейтойы жақындап қалды. Осыған орай, Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы 22 қыркүйек күні Тілдер мерекесі аясында қаламгер мерейтойына арналған «Толғауы тоқсан Тарази» атты әдеби кеш өткізеді.

### ТАҒАЙЫНДАУ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Солтамбековтің басқа жұмысқа ауысуына байланысты жаңа орынбасар тағайындалды. Президент Әкімшілігінің келісімі бойынша, меритократия қағидатына сәйкес, әкімнің орынбасары болып 45 жастағы Еркін Өтебаев тағайындалды.

Оның мемлекеттік қызметтегі өтілі 11 жылдан асады. Мамандығы – инженер-құрылысшы, құрықтану. Соңғы 8 жыл ішінде «Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ басшысының орынбасары, басшысы лауазымдарын атқарды. Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Еркін Өтебаевтың алдына қаланы дамыту жөнінде бірқатар міндет қойды.



## АВТОБУСТАР САНЫ АРТТЫ

Елордада жолаушыларды тасымалдау үшін қосымша 50 автобус жіберілді. Олар №3, 15, 32, 54 және 61 бағдарларының қатарын толықтырды.

«Автобустар электронды жол ақысын төлеу және диспетчерлеу жүйесінің жаңа жабдықтарымен жабдықталған және олардың орналасқан жері туралы ақпаратты Avtobus мобильді қосымшасынан көруге бо-

лады» делінген СТС компаниясының хабарламасында.

Сондай-ақ, 4 қыркүйектен бастап №54 бағдарда автобус саны 12-ден 14 бірлікке, ал №61 бағдардағы автобус саны 13-тен 15 бірлікке артты.

## ЕСІРТКІ КУРЬЕРІ ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Астаналық полицейлер есірткі қойып кетуші курьерді анықтады. 24 жастағы күдікті өз әрекетін үйлестірушінің нұсқауымен астаналық жастар арасында одан әрі тарату үшін «тауарларды» алған интернет-дүкеннің көмегімен жүзеге асырып отырғаны белгілі болды.

Жеке тінту кезінде оның әмиянынан ұнтақ және түйіршіктер түріндегі зат салынған 35 бума тәркіленді. Тәркіленген зат салмағы 31 грамм мефедрон есірткі заты екені анықталды. Мұндай ақпарат Polisia.kz-тің Telegram арнасында жарияланды.

Жас жігіт қамауға алынып, аталған факті бойынша ҚР ҚК 296-бабының 4-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Негізгі айыпталушыларды анықтау және одан әрі ұстау бойынша жедел іздестіру шаралары жүргізілуде.



**Ерлан ҚАРИН,**  
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі:

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯ БЕЛГІЛЕНДІ

– Биылғы Жолдаудың мәні мен мазмұны Президент реформаларының логикасына толықтай сәйкес келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, саясат және идеология салаларын бір-бірінен бөлмей реформалауға негізделген стратегиялық бағытты жүйелі түрде іске асырып келеді.

Жолдауда Қазақстан экономикасын дамытудың алдағы стратегиясы белгіленді. Бұдан бөлек, Президент бастамалары экономиканың бірқатар саласының жаңа ережелерін ұсынып отыр. Соның арқасында атқарушы билік жүйесі, орталық пен өңірлер арасындағы қарым-қатынас өзгереді, салықтық ынталандырудың, нормативтік-құқықтық реттеудің, инвесторлармен өзара іс-қимылдың жаңа шаралары енеді.

Жаңа Жолдау экономикалық мәселелерді шешуге бағытталса да, онда әлеуметтік сипаттағы маңызды бастамалар бар. Атап айтқанда, жалақыны көтеру, жұмыспен қамту, балалар қауіпсіздігі, білім алудағы теңдік және тағы басқалар.

Мемлекет басшысының қоғамда қызу талқыланып жатқан АЭС салуға қатысты мәселені республикалық референдумға шығару туралы ұсынысына ерекше назар аудару қажет. Бұл Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» және «Әділетті Қазақстан» принциптерін берік ұстанып отырғанын көрсетеді. Жалпы, бұл жолғы Жолдауда көптеген бағыттарды қамтитын және әлеуметтік-экономикалық реформалардың бірінші жүйесін құрайтын жүзден астам түрлі идея мен ұсыныс айтылды.



**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**  
Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, академик,  
қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі:

## МАҢЫЗЫ МОЛ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЗҒАЛДЫ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын тыңдадық.

Білім және ғылым саласының өкілі ретінде жастар тәрбиесі, мықты мамандар даярлау мен ғылымды дамыту бойынша Жолдауда айтылған мемлекеттік маңызы мол мәселелерді сөз еткенді жөн көрдім.

Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз екенін, ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек, онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер болатынына Мемлекет басшысының екін түсіре айтуының мәні зор.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру елдің дамуына үлкен өзгерістер әкелетіні белгілі. Сондықтан жастар тәрбиесіне өте қатты көңіл бөлуіміз керек. Жолдауда әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажеттігі қадап айтылды.

Жаңа Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарын отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ етіп тәрбиелесек, еліміз өзінің мақсат-мұраттарына қол жеткізетіні сөзсіз.

Абайдың «Толық адам» ілімін негізге ала отырып, жастарды адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайтынына тәрбиелеу, Әділетті Қазақстан қағидатын қаперде ұстау керектігі туралы Жолдаудағы міндеттер білім саласының өкілдеріне зор жауапкершілік жүктейді. Адал азамат тәрбиелеу баршамаңыздың ортақ парызымыз болуы керек. Үздіксіз білім беру жүйесінде, яғни балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін берілетін сапалы білім мен тағылымды тәрбиеде адал азамат

қалыптастыру басты мақсат болуы тиіс.

Сапалы орта білім беруді қамтамасыз ету үшін ұстаздардың біліктілігін арттыру жайы Жолдауда жан-жақты айтылды. Білімі мен білігі жоғары мамандар даярлау мәселесі де орынды көтерілді.

Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керектігіне назар аударылды. Қазіргі кезде техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейтіні сөз болып, осы салаларға қатысты білім беруді жолға қою керектігіне Жолдауда ерекше екіпін түсіріліп айтылды. Әсіресе өте маңызды мәселе – оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажеттігіне көңіл бөлу міндеттелді.

Сондай-ақ Жолдауда агроғылымды дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Мемлекет басшысы Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру қажеттігіне ерекше тоқталып, шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керектігін айтты. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талаптарына бейімдеу керектігіне назар аударды.

Жоғарыда айтылғандай, бұл шағын ғана жазбамызда Жолдауда айтылған білім және ғылым бойынша міндеттер білім саласының қысқаша тоқталдық. Жолдауда көрсетілген міндеттер үдесінен шығу үшін әркім өз саласы бойынша аянбай атсалысуы тиіс. Ендеше білім және ғылым саласының өкілдері де Президент алға қойған биік мақсатқа жету үшін бар күш-жігерін жұмсайтыны күмән тудырмайды.



**Ерлан ДАКЕНОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

## ЖАҢА БАҒДАРДЫ АЙҚЫНДАДЫ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауының мәні айрықша, маңызы ерекше. Стратегиялық құжатта саяси реформалардан экономикалық бағытқа көшкенін аңғардық.

Қазақстан – ардақты атамекеніміз, қасиетті жеріміз. Осы Отанымызды озық елдер қатарына қосамыз десек, шұғыл жаңа экономикалық үлгіге көшу керек. Яғни мықты өнеркәсіптік негіз қалыптастыру, протекционистік өнеркәсіпке көшу. Қарапайым тілмен айтқанда, отандық өнеркәсіпке көмектесу үшін сырттан келетін өнім импорттын азайту деген сөз. Бұл тек ұлттық экономиканы көтеру үшін ғана емес, сонымен қатар, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, сапаны арттыру үшін маңызды.

Мемлекет басшысының көтерген мәселелері «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Халық арасында алаңдатушылық тудырған атом электр станциясын салу мәселесі жалпыұлттық референдумда қарастырылмақ. Жылу электр станцияларында болған апаттар бойынша да Үкіметке тапсырма берілді. Газбен қамтама-

сыз ету, тарифтерді қайта қарастыру, жаңа әдістеме енгізу қазіргі өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Сонымен қатар кәсіпкерлерге қолдау көрсету, бизнесін дамытуға мүмкіндік беру мақсатында оларды қудалауды біржола тоқтату маңызды.

Әрине, екі жақтап шешілетін мәселелер де бар. Мысалы, су ресурсына қатысты мемлекет тарапынан инфрақұрылымдарды жаңарту, озық технологияларды енгізу болса, халық тарапынан ысырапсыз, орынды пайдалану. Сол секілді жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң 500 мың азаматты қиын жағдайдан шығарған болса, азаматтар да қаржы сауатын арттыруға тырысу керек.

Мәдениет, білім, ғылымды дамыту әр адамның өзінен басталады. Бұл жөнінде Президентіміз жақсы ой салды. Қоғамды құрайтын адамдар, сондықтан дұрыс қоғамдық сана қалыптастырғымыз келсе, әркім өзінің ниетін түзеу керек. Бізге қазір ең керекті – ізденімпаз, еңбекқор, ең бастысы, отаншыл кадрлар. Биылғы Жолдаудың негізгі мәні – осы.



**БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЫҚПАЛДЫ  
ПАРЛАМЕНТИ БАР ПРЕЗИДЕНТТІК  
РЕСПУБЛИКА ҮЛГІСІНЕ КӨШТІ.  
ЕЛІМІЗДЕ «КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ –  
ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ»  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БАРЫНША ОРНЫҚТЫ.  
«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН  
МЕМЛЕКЕТ» ҚАҒИДАТЫН НАҚТЫ  
ІСКЕ АСЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ.  
БҰЛ ЖЕРДЕ ПАРЛАМЕНТТІҢ РӨЛІ ЕРЕКШЕ**

**Қасым-Жомарт Тоқаев**  
Қазақстан Республикасының Президенті



**Ерлан КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы:

## ТОЛҒАНДЫРҒАН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП АЛДЫ

– Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауынан көптеген отандасымыз өзін толғандырған сұрақтарға жауап алды. Мәселен, атом электр станциясын салуға, салық төлеушілерге, соның ішінде миллиондаған кәсіпкерлер армиясына салықтық жеңілдіктерге, су, электр және жылу энергиясының тапшылығына қатысты мәселелер. Алдағы үш жылға арналған елдің дамуын көздейтін бағдарламалық құжат барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарына да жұмыс істеуге тура келетін барлық нәрсені қамтыды.

Білім күйінде Президенттің 2020 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы, сондай-ақ медицина

қызметкерлерінің жалақысы екі есеге өсті деген сөздері жақсы жаңалық болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында бүкіл ел бойынша 400 мектеп салынады. Тек елордада 2025 жылға дейін олардың 24-і салынады, бұл – 96 мыңға жуық оқушы орны.

Жолдаудың едәуір бөлігі өскелең ұрпаққа арналғаны қуантады. «Келешек» бірыңғай жинақтаушы жүйесін енгізу тапсырылды, ол 5 жастан бастап балаларды қамтиды және мемлекеттен бастапқы білім беру капиталын, инвестициялық кірісті және мемлекеттік сыйлықтың жыл сайынғы төлемін көздейді. Бұл жаңалық, ең алдымен, балаларымызға сапалы білім алуға көмектеседі.



**Зулфухар ҒАЙЫПОВ,**  
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы:

## ӨНДІРІС ҚУАТЫН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

– Биылғы Жолдау еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру жолындағы алдағы үш жылда қаржы-несие саласынан бастап қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Заманында Жүсіп Баласағұн бабамыздың «Кез келген мемлекеттің қуаты оның қазынаға түсетін салғы, жолдарының сапасы мен әскерінің айбынынан байқалады» деген екен. Ұлы тұлғаның осы сөздері арада неше ғасыр өтсе де өзегін жоймай келеді.

Мемлекет басшысы кешегі Жолдауында бұған дейін көп көтерілмеген ел экономикасын жандандырудың жаңа бағыттарын атап өтті. Соның бірі – Президентіміз көтерген «Жаңа заманның мұнайы» туралы.

«Жаңа заман мұнайына» айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек. Өзінің осы саладағы әлеуетін аша алған елдер келешекте бүкіл әлемнің технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады» деп атап өтті Президент.

«Жаңа заман мұнайының» қорғаныс саласын дамыту жолындағы орнына тоқтала келе, ендігі жерде Үкіметтің міндеті 2026 жылға қарай оның көлемін әскери техникамен қамтамасыз

етудегі рөліне тоқталды. Сонымен бірге қорғаныс саласын күшейту үшін бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуға тиіс екенін Үкіметке тапсырды.

Сондай-ақ арнаулы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту қоры арқылы өз кәсіпорындарымызға тікелей қаржылық қолдау көрсету керектігіне ерекше назар аударды.

Тау-кен өндірісін дамыту жолында салық және оны реттеу шарттары өзгеріске икемді болуына және инвесторлар осы саланы әрі қарай өз қаржысына геологиялық зерттеу жүргізген жағдайда, олар үшін жер қойнауын пайдалану кезінде басым құқыққа ие болуын қамтамасыз еткен жөн деп Үкіметтің назарына салды. Сонымен қатар жобаларды келісуге қажетті рәсімдер мен оның мерзімін кешенді мемлекеттік сараптама жасау және толық цифрландыру тәсілін енгізу арқылы екі есе азайту керектігіне ендігі жерде Үкіметтің міндеті 2026 жылға қарай оның көлемін әскери техникамен 2 миллион 200 мыңға

жеткізу керек деп нақты тапсырма жүктейді.

Сонымен қатар Үкіметке жыл соңына дейін саланы дамытуға қатысты нақты ұстанымын анықтауды, өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті мөлшерден босатуды тапсырды. Бұл өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара екенін де атап өтті.

Сонымен бірге Президентіміз отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсету мақсатында техниканы шұғыл жөндеуін өндіріс орындарының қуатын арттыруды қолға алуды тапсырды. Ол үшін елімізде қажетті материалдық-техникалық база мен білікті, тәжірибелі мамандардың бар екенін, ол үшін құзырлы мекемелердің тапсырысы керек екенін шегелеп айтты.

Аталған мақсатқа жету жолында барша қазақстандықты бірлік пен тірлікке шақыра келе, Президентіміз «Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз» деп барша қазақстандыққа үндеу тастады.



## БАС ЖОСПАРДЫҢ БАСЫМДЫҒЫ

Елорданың қоғамдық кеңесі Астананың 2035 жылға дейінгі бас жоспарының жобасын мақұлдады.

«Астана бас жоспары» жобалау институтының қабырғасында өткен қоғамдық талқылау екі сағаттан астам уақытқа созылды. Қарапайым тұрғындар әлеуметтік нысандармен, мектептермен және балабақшалармен қамтамасыз ету және шет аймақтарды дамыту, Қорғалжын тас жолының бойындағы газбен жабдықтау және көшеттерді жою мәселелері, сондай-ақ азаматтық қорғаныс, көпірлер салу, туннельді көріз, нүктелі құрылыс, жеке тұрған мемлекеттік балабақшалар салу жөніндегі бюджеттік бағдарламаның болмауы ту-

ралы және т. б. көкейкесті ұсыныс-тілегін жеткізді.

Қоғамдық талқылау барысында көтерілген қызықты мәселелердің бірі халық саны туралы болды. Бұл ретте «елордадағы халық санын жоғары көрсеткіштерге дейін арттыру қажет пе?» деген сұрақ қызу талқыланды. Қазір Астанада Қазақстан халқының 7%-дан астамы тұрады. Мысалы, Токиода Жапония халқының 11%-ы, Парижде Франция халқының 3,3%-ы, Анкарада Түркия халқының 6,8%-ы, Лондонда Ұлыбритания халқының 13,4%-ы, Мәскеуде Ресей халқының 9%-ы тұрады.

Қоғамдық кеңестің мүшелері, әсіресе көші-қон процестері есебінен халық санының өсуіне ұмтылудың қажеті жоқ деген Бас жоспардың ұстанымын қолдайды. Қазақстанның барлық өңірі кез келген жерде лайықты өмір сүруге, жұмыс істеуге, білім алуға, сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік беру үшін теңгерімді дамуға тиіс. Елордаға көшіп келушілердің қатарын көбейтпей-ақ, ауылдық аумақтарды, шағын және орта қалаларды дамыту қажет.

Қоғамдық кеңес мүшелері Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарының жобасын тұжырымдамалық қала құрылысы құжаты ретінде қабылдау және бекіту қажеттігін атап өтті. Бұл құжат жобалаудың одан әрі

кезеңдері, барлық бағдарлама әкімшілерінің жұмысы, тіршілікті қамтамасыз ету, әлеуметтік және мәдени инфрақұрылым объектілерін салу, қоғамдық кеңістіктерді дамыту, абаттандыру және көгалдандыру үшін бюджеттік өтімдерді дайындауға негіз болады.

Талқылау қорытындысы бойынша елорданың қоғамдық кеңесінің мүшелері тұрғындар тарапынан айтылған ескерулер мен ұсыныстарды ескере отырып, Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарының жобасын тұтастай мақұлдауды ұсынды.

Қоғамдық кеңестің жұмысына қала басқармаларының басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

## ҚЫРҒАУЫЛДАР ОРМАНҒА ЖІБЕРІЛДІ

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Астана орманы» ЖШС, «Астана Ветсервис» ШЖҚ МКК және Ақмола облыстық орман және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының өкілдерімен 950 бас көлемінде қырғауылды еркіндікке жіберді.



«Астана орманы» ЖШС директорының орынбасары Арман Мукатовтың айтуынша, елорданың жасыл белдеуіне қырғауылдар жіберу жыл сайын жалғасып келеді.

– Астанадағы жасыл белдеудің жалпы аумағы 14 827 гектар. Конституция мерекесі қарсаңында осы жасыл белдеуге 950 қырғауыл жіберілді. Жалпы, жыл сайын 1 800 қырғауыл еркіндікке жіберіледі. Қырғауылдарды өсіру зиянды жәндіктермен күресуге, жасыл белдеу аймағындағы жағдайды табиғи ормандарға барынша жақындатуға, сондай-ақ, Қазақстанда қырғауылдардың мекен ету аралын кеңейтуге мүмкіндік береді, – деді Арман Мукатов.

Осыдан он жылға жуық уақыт бұрын Астананың жасыл белдеуінде қырғауыл өсіру туралы шешім қабылданған болатын. Мамандардың мәлімдеуінше, Астананың жасыл белдеуінде бұл құстарды асырауға жасанды өсіру және жерсіндіру бойынша биоло-

гиялық негіздеме бар. Аязға төзімді және қыста қосымша жем беруді ғана қажет ететін қырғауылдарды өсіру бірқатар мәселені шешуге көмектеседі және республикамыздың биологиялық алуантүрлілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зиянкестермен биологиялық күресу арқылы орман екпелерін сақтауға ықпал етеді. Соңғысының тиімділігі жасыл белдеуде 2010-2022 жылдар аралығында орман зиянкестеріне қарсы 350 га пестицидтерді қолданудың асаюымен расталды. Қырғауыл соңғы онжылдықтарда Астана қаласынан 700 шақырым қашықтықта орналасқан республиканың көптеген облысында айтарлықтай төмендеді.

«Астана орманы» ЖШС орманшылары еркіндікке жіберілген қырғауылдарды тұрақты түрде қадағалау, қажет болған жағдайда қысқы уақытта қосымша қоректендіріп қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

## СУ ҚОЙМАСЫ БАЛЫҚСЫЗ БОЛМАЙДЫ



Астана және Қоянды су қоймаларына сарбояндық тұқы деп аталатын 12 мың шабақ жіберілді. Шабақтардың мөлшері 2-3 сантиметрден аспайды. «Жас Нұр» өндірістік-шаруашылық кәсіпорны мамандарының айтуынша, алдағы жазда балық аулау маусымына қарай олар 35-40 сантиметрге дейін өседі, ал салмағы 400 грамға жетеді. Балықшылардың қармағы мен шортаннан аман қалған жағдайда тұқылардың салмағы бір жарым килограмға жуық болуы мүмкін.

Неліктен таңдау балықтың бұл түріне түсті? Тұқылар 70 жыл бұрын Қазақстанның астанасы орналасқан далалық климаттық

жағдайдағы жерге әдейі әкелінген. «Жас Нұр» өндірістік-шаруашылық кәсіпорнының басшысы Нұржан Смағұлов балықтың температураны өзгертуіне өте төзімді екенін, ащы да, тұщы да суда тіршілік ете беретінін айтты. Әрі Астана маңы су қоймаларындағы қамыс өскіндерінен

бастап, бақа уылдырығы мен шаянға дейінгі барлық нәрсемен қоректенетінін атап өтті. Балық елордалық балықшылар арасында дәмділігімен танымал.

Шабақтар «Маубалық» инкубациялық балық питомнигінде өсіріліп, «Жас Нұр» қызметкерлері арқылы су қоймаларға

жеткізіліп отыр. Шабақтар жыл сайын өсіріліп, су қоймаларына жіберіледі. Келесі жылдың көктемінде кәсіпорындар су қоймаларындағы сарбояндық тұқы балықтарының санын 2 миллионға дейін көбейтуді жоспарлап отыр.

Бұл биологиялық тепе-теңдікті сақтау және су кеңістігін табиғи тазарту мақсатында жүзеге асырылады. Мұндай акцияларды барлық балық шаруашылығы ұйымдары елдің су айдындарындағы балықтардың түрлік санын сақтау және ұлғайту үшін жүзеге асырады. Аталған жұмыстар Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің және ауылдық округтер әкімдіктерінің бақылауымен өткізіледі. Балықтың белгілі бір тұқымын таңдау мамандардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері бойынша жасалады. Астаналық балықшыларға жақын маңдағы су айдындарынан балық аулау үшін өндірістік-шаруашылық кәсіпорнынан жолдама сатып алу жеткілікті.

Қанат ОМАРОВ

## ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Елімізде 1 қыркүйекте суға түсу маусымы ресми түрде аяқталды. Шомылу маусымы басталғалы бері 1 750 рейдтік іс-шаралар өтті.



Астана қаласы Байқоңыр ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы суға шомылу маусымы басталғалы өрт сөндіру бөлімшелерімен, полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып, шомылу маусымында судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында профилактикалық іс-шаралар жүргізді.

Шара барысында Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің аппаратымен бірлесе отырып, тыйым салынған жерлерге 75 тыйым салу белгілері мен 4 ақпараттық стенд орнатылды.

Суға түсу маусымы басталғаннан бері үгіт-насихат жадинамаларын таратумен қоса, 1 750 рейдтік іс-шаралар өткізілді. ҚР ӘҚБтК-нің 364-бабымен 55 адам, ҚР ӘҚБтК-нің 412-бабымен 3 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қазіргі уақытта маусымның аяқталуына орай, рейдтік іс-шаралар барысында су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары бойынша халықпен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, үгіт-насихаттау парақшалары, жадинамалар таратылды.

№105 (4538) 05/09/2023 Сейсенбі

Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВАЛЫПҚАШПА  
ӘНГІМЕ КӨП

Бұл сауалға Астана қаласының тұрғыны, доғарыстағы полковник Бекбол Ермұратұлы былай деді:

– Қазақ азаматы үшін әскери қызметкер болу – үлкен беделмен қатар, асқан жауапкершілік. Отаныңның алдында, отбасыңның алдында үнемі өзіңнің азаматтық міндетін мен борышыңды бірдей алып жүріп, басына түскен қиындық пен темірдей қатал тәртіпке шыдай білуді үйренесің. Бәріміз де бала болдық. Жасөспірім әрқашан өз отбасының тірегі, туған-туысының қорғаушысы болғысы келеді. Мойындау керек, әскери қызметке келген адамның бойында туған жердің шекарасын күзетіп, ел тыныштығын сақтаймын деген жалғыз патриоттық сезімі ғана емес, бүкіл өміріне жететін рухани азығы – терең білімі болуы керек. Сонымен қоса адалдық, азаматтық ұстаным, ұлтжандылық мінез қатар өріліп жүрсе, елге қызмет етудің озық үлгісін көрсете алады. Ал кешегі Одақ ыдырап, «балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен заманда әскери қызметшілердің беделі біраз түсіп қалды. Жасыратыны жоқ, біздің өз кәсіби әскерімізді қалыптастыруда үлкен кемшіліктер кетті. Алыпқашпа әңгіме көбейді, асыра сілтеу орын алды. «Көш жүре түзеледі» дегенмен, осындай кемшіліктер әскердің беделін түсіреді. Бір ғана мысал айтайын. Менің әкемнің інісінің баласы мектепте жүргенде әскер мамандығын таңдады. 1999 жылы осы Астана қаласында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» әскери мектебіне, кейін Алматыдағы құрлық әскери институтына барғысы келіп, керемет ынтызарлығы оянды. Спортпен айналысып, сабағын ыждағатпен оқып, дайындалып жүрді. Алайда «Жас ұлан» мектебіне 5-сыныптан қабылдайтын болғандықтан жасы келмей қалды. Ал мектеп бітірген соң әскери институтқа барудан өзі бас тартты. Себебін сұрағанымызда «қазір әскери қызметкерлердің беделі түсіп кетті. Мен білетін офицерлердің көбі басқа салаға ауысып жатыр. Сондықтан әскери қызметкер болғым келмейді» деп жауап берді. Ініміздің бұл өзінің субъективті пікірі екенін айтып, біраз үгіттедік, бірақ көнбеді. Әрине, қазақ жігіттері әскери мамандыққа мүлде бармайды емес, барады. Бірақ осыдан 20-30 жыл бұрынғыдай бәсекелесе ұмтылып тұрған азаматтарды байқамаған соң «неге әскери мамандықты қазақ жігіттерінің таңдауы бәсеңсіп кетті?» деген пікір айтылып жүргені сондықтан, – дейді доғарыстағы полковник.

АҚПАРАТТЫҚ  
НАСИХАТ КЕМШІН

«Айтылған пікірдің келісетін де, келіспейтін де жерлері бар. Қазір Қазақстан армиясында 150 мың сарбаз болса, оның тең жартысынан көбі – қазақ азаматы» дейді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Стратегиялық даму департаментінің басшысы, полковник Руслан Бекжігіт. «Қазір Қазақстан армиясы реформалану үстінде. Кейінгі кезде Қарулы күштердің құрылымы мен құрамын жаңғырту, әскери дайындықты жетілдіру, заманауи қару-жарақпен және әскери техникамен жаратандыру, цифрландыру ісін одан әрі жалғастыру, әскери инфрақұрылымды дамыту, әскери қызметтің беделін арттыру жөніндегі басым бағыттар айқындалды. Өткен жылы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар қажетті стратегиялық және бағдарламалық құжат әзірленді. Бұл – 2021-2025



# ӘСКЕРИ МАМАНДЫҚ ҚАЗАҚҚА ЖАТ ПА?

Ер баланың көбі қаршадайынан үстіне оқалы киім киіп, әскери қызметкер болуды армандайтыны рас. Әсіресе кешегі кеңес кезеңінде әскерге бару, әскери қызмет атқару зор мәртебе, үлкен абырой болды. Тіпті ол кезде армияға бармай қалу ер бала үшін бетке шіркеу, көңілге кірбің түсіретін масқара жай еді. Сондықтан ол кезде «мен офицер боламын, Кеңес армиясы қатарында қызмет етемін» деген асқақ арманға пара-пар сөздерді әр баланың аузынан естуге болатын. Ал қазір мектеп оқушысы болсын, оқуын тәмамдап, үлкен өмірге қанат қаққан бозбала болсын «әскерге барғым келеді, генерал болғым келеді» деген сөздерді айтпайды. Мұның себебі неде?

жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясының «Елдің қорғаныс қабілетін нығайту» бөлімі, ел қорғанысының жаңа жоспары құжаттарының жиынтығы, 2030 жылға дейінгі Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылымы мен дамуының жаңа тұжырымдамасы. Сондай-ақ көп кешікпей осы маңызды құжатты іске асыру тетігінің бірі – Мемлекет басшысы бекіткен «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы өмірге келді. Меніңше, шекарасы шегенделген, әскери қуаты еселенген елде «Отанды кім қорғайды?» деген сұрақ тұмауға тиіс. Біздің жағдайымызда тәуелсіз Қазақстанның тыныштығын қазақ әскері қас қақпай қорғайтынына, оған ауылдан шыққан ұлтымыздың төл перзенттері басшылық жасайтынына сенім зор».

Астана қаласының тұрғыны Серікжан Жанқабылдың айтуынша, қазақ балалары әскери мамандықты меңгергісі-ақ келеді. Бірақ оған көбіне жағдай бола бермейтін көрінеді. «Мен, мысалы, баламды әскери оқуға бергім келді. Сол салаға барып жоғары білім алғанын қаладым. Бірақ бізде әскери жоғары оқу орындары саусақпен санарлық екен. Тіпті бас қаламызда «Жас ұлан» мектебінен басқа жоғары оқу орны болмай шықты. Меніңше, елордадан да әскери жоғары білім ордасының ашылғаны дұрыс болар еді. Әскери мамандық ер балалар үшін жақсы ғой. Тәртіпке, жинақылыққа үйренеді. Басымдығы да зор. Кейін зейнетке шықса, ең жоғары зейнетақы алатын да осы әскери зейнеткерлер».

Оралдық қазақ жігіті Нұрберген Тастанұлы Ресей Федерациясының Тьерь қаласындағы Г.Жуков атындағы әуе-ғарыш қорғаныс әскери академиясында оқып жатыр екен.

– Менің мамандығым – көпар-

налы зенитті-зымыранды пайдалану инженері. Бұл – білім сапасы жоғары, ең айтулы оқу орны. Мұнда өзім қатарлы қазақ жастары да бар. Әлемнің әр түкпірінен келген үміткерлердің ішінде ұлттымыздың ұландарының сабақта болсын, спортта болсын қабілеті айқын көрініп тұрады. Мұнда атақты әскери мамандар, академиктер дәріс оқиды. Меніңше, әскери салаға мамандарды көптеп тартудың бір амалы – ақпараттандыру. Мәселен, Ресейде қазіргі таңда әскери бұқаралық ақпарат құралдарының бәсі жоғары. Бұл елде 1 орталық газет, 8 журнал, 11 округтік флоттық, 11 армия басылымы, жоғары оқу орындарында шығатын 27 газет бар екен. Бүгінгідей технологияның қарыштап дамыған заманында жастарды әскери мамандыққа тартудың бір амалы дәл осы ақпараттық насихат дер едім. Бізде сол жағы кемшін, – деді Н.Тастанұлы.

КӘСІБИ АРМИЯ  
НЫҒАЮДА

Қазір ұлттық офицерлеріміз, ішінара болса да, кәсіби армияда қызмет етіп жүр. Ал осы кәсіби армия несімен ерекшеленеді? Бұл да оңайлықпен бола қалған жоқ. Мәселе туындаған кезде көптеген дау-дамай, ой-пікір, тұжырым, шетел тәжірибесін алғатарту, сарапшы пікіріне жүгіну сияқты үдерістерден өтті. Сөйтіп барып армияны жасақтаудың аралас нысанына – келісімшарт негізінде әскери қызметке көшу жөне шақыру бойынша жасақтаудың белгілі бір пайызын сақтау туралы шешім қабылданды. Енді осы жасақталған әскерді одан әрі жетілдіріп, дамыту мәселесі тұр.

Қоғам қайраткері, доғарыстағы генерал-лейтенант Абай Тасболатовтың айтуынша, «кәсіби армия керек пе?» деген сауалды да

естіп қалатын көрінеді. Бұл – істің мәнісіне бойламай айтылатын пікір. Өйткені түсінген адамға Қазақстан әскері онсыз да кәсіби армия қатарына кіреді. Себебі әскер құрамындағы офицерлер мен генералдардың барлығы – кәсіби мамандар. Одан кейін келісімшарт бойынша жұмыс істейтін сержанттар, қатардағы сарбаздар да кәсіби. Тек бір жылдық әскери борышын өтеуге келгендер ғана кәсіби емес. Бірақ олар еліміздегі барлық әскердің 25 пайызын ғана құрайды. Бұл көрсеткіш жыл сайын көбейіп келе жатыр. Мәселен, жыл сайын 18 бен 28 жас аралығындағы жас мерзімді әскери қызметке шақырылады. Әскери міндетін өтеуге келгендерді біз бір жыл бойы әскери тәртіпке, техниканың тілін түсініп, қару-жарақты қолдану дағдысына дайындаймыз. Бір жылдан кейін олардың барлығы запасқа кетеді. Ал егер әскер қатарында қалып, әрі қарай қызметін жалғастырығысы келсе, арнайы әскери білімін жетілдіру арқылы олар да кәсіби армияның құрамын толықтыра алады. Ал кәсіби әскердің ең басты шарты білікті әрі білімді кадрмен жасақталуында жатыр. Сондықтан қазақ жастарын әскери мамандыққа тарту жылдан-жылға өрістейтін болады. «Қазақ әскери мамандыққа неге аз барады?» деген сауал да жыл өткен сайын маңызын жояды.

Мемлекет басшысы, Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған өзінің Жолдауында жастарға мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуі қажет екенін айтқан болатын. Осыған орай, қазіргі таңда Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызметтегі сарбаздарға 41 мамандықтың 32-сін игеру мәселесін пысықтап жатыр. Сондай-ақ елдегі әскери жоғары оқу орындарына да қазақ жастарын көптеп тарту мәселесі өрістесе дейміз.

## ЖОЛ БОЙЫНДА АПАТ КӨП...

Елімізде жол апатынан көз жұмғандар саны жыл сайын артып барады.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

**Б**ыл жарты жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан аумағында 1 200-ден астам адамның өмірін қиған 6 792 жол апаты болған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,6%-ға аз, яғни былтыр осы уақыт аралығында 7 862 оқиға тіркеліп, 9 714 адам зардап шекті. Ал биыл 8 482 адам жараланып, 1 232 адам қаза тапқан. Демек, былтырғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда көз жұмғандар саны 3,2%-ға өскен. Құзырлы органдар жол-көлік оқиғалары кімдердің кінәсінен болатынына да талдау жасағанда жол апатының дені жүргізушілермен қатысты болған. Сол себепті құзырлы органдар тәртіпті қатаңдатып, жолдардағы бақылауды күшейтті. Жол бойындағы бейне бақылау камерасын молайтып, кейбір жолдарда жол жүру қарқынын төмендетті. Мәселен, жақында бірқатар жолдағы көлік жылдамдығын 110 км/сағ етіп белгіленуі – соның айғағы. Әрине, жылдамдықты шектеу – жол қозғалысы қауіпсіздігін күшейтеу үшін қолданатын шараның бірі. Дегенмен бұл тәсіл біздің елдегі көлік апатын бірден азайтады деп айту қиын. Себебі жол апатының бәрі жылдамдықты асырудан ғана болып жатқан жоқ.

Біріншіден, еліміздегі көптеген жолдың сапасы нашар, республикалық маңызы бар жолдардың өзінің жетерсіз тұсы көп. Мәселен, еліміздегі барлық жоғары қарқынды жолдың екі бағыты қатар әрі өте жақын орналасқан. Бұл түнгі көліктердің жол жүруіне қолайсыз. Яғни қарсы бағыттағы машинаның жарығы көз ұялтып, алға тура қарауға мүмкіндік бермейді. Кейбір көлік иелері жарығы ең күшті, алысқа түсетін шамын қосып алады да, қарсы бағыттан көлік келсе жарықты қайтармай, қарсы бағыттағы көлік иесінің көру мүмкіндігіне үлкен кедергі жасайды. Сондықтан алдағы уақытта еліміздің автожолдарын жобалағанда екі бағыттағы жолды бөлек салуды немесе екі бағыттың арасын алыстау салып, екі ортаға бақал талдарды егіп, қарсы бағыттан келетін кедергіні азайту керек. Астана-Щучинск, Астана-Павлодар жоғары қарқынды жолдары сияқты әлдеқашан салынып, пайдалануға берілген жолдардың ортасындағы темір бөгесіне арнаулы жарық тосатын қалақша қалтқылар орнатылуы керек. Мұны біз ойдан шығарып отырған жоқпыз, бәрі шетелде бар тәжірибе саналады.

Екіншіден, машиналарға жасалатын техникалық байқауды күшейту керек. Әбден тозған, ылдалап жүріп жүрген көне машиналарды ақша берсе техникалық байқаудан өткізе салатын жағдайды түбегейлі тоқтатса.

Үшіншіден, жүргізуші куәлігін сатып алуға тыйым салынбай, жол апаты азаймайды.

Төртіншіден, ұзақ жолдарға, қала араларына жүретін таксилерді заңдастырып, олардың жүйелі уақытпен жүруін қатаң бақылау керек. Өйткені қазіргі жол апатының көбі такси жүргізушілерінің ақша табу үшін ұйықтамай жол жүруінен туындап жатқаны жасырын емес.

Бесіншіден, қазір елімізде Toyota Alphard сияқты 7-8 орынға арналған көліктерге қатысты жол апаты жиілеп кетті. Себебі бұл көлік түрі тасжолда жоғары жылдамдықпен жүргенде, қарқынды шұғыл бәсеітуге тура келсе, оңай аударылып кететін жайт та жиі кездеседі екен. Сондықтан елімізге шетелден келетін көліктерді қатаң қадағалап, теріс тізгінді көліктердің жолаушы тасымалымен айналысуына шектеу қою керек. Сондай-ақ жол сақшыларының жол бойындағы кезекшілік міндетін де күшейтеу қажет.



Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

# ЕҢБЕКТІ ҚАНАУ — ЕЛДІККЕ СЫН

2022 жылы ел көлемінде 40-қа жуық еңбек дауы орын алып, оның 5-еуі қарсылық акциясына ұласты. Кәсіпкерлер арасында жасөспірімдер мен жастарды сынақ мерзімімен жұмысқа қабылдап, алайда не тұрақты жұмысқа алмай, не тиісті еңбекақысын төлемейтін жағдайлар орын алуда. Мұндай еңбек дауларын қалай шешуге болады? Осы сұрақтарға жауап іздедік.

## ЖАНЖАЛДЫҢ БАСЫ – ЖАЛАҚЫ

Мемлекет еңбек нарығында жұмыс күшін реттеп, әлеуметтік мәселелерді дер кезінде шешуі керек. Қазіргі өткір әлеуметтік мәселе – инфляциялық үдеріске жауап беріп, кезең-кезеңімен жұмысшылардың жалақысын көтеру. Елдегі негізгі еңбек даулары осыған қатысты орын алуда.

– Жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы келіспеушіліктердің пайда болу себебі көп. Көп жағдайда жалақының төмен болуы немесе басқа төлемдерді дұрыс есептемеу, өндірістік жарақат үшін өтемақы қарастырмау, демалыс күндері жұмысқа «мәжбүрлі» шығару, себепсіз еңбек шартын бұзу салдарынан еңбек даулары туындайды. Кәсіподақ өкілдері әлеуметтік әріптестермен бірлесіп, еңбек дауын шешуде келіссөз процестеріне қатысып жүр. Еңбек дауының басым бөлігі кәсіподағы жоқ кәсіпорындарда орын алады, – деді Кәсіподақ федерациясы төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешев.

Жасыратыны жоқ, алпауыт елдер арасында санкциялық соғыс күшейіп, соның салдарынан ұзақ жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыстар үзіліп, қымбатшылық белең алды. Тек шикізат сататын мемлекет ретінде мұндай құбылысқа дайын болмай шықтық. Қазір нарықтағы баға мен ел азаматтарының табысы мүлде үйлеспейді. Былтыр орын алған 5 қарсылық акциясының негізгі мәні осында.

Қалалық орта сапасы және бақылау басқарма башысының орынбасары Ерлан Исмағұловтан елордада еңбек даулары қалай шешілетінін білдік.

– Еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық комиссия жүйелі жұмыс жүргізеді. Комиссияға қалалық прокуратура, Мемлекеттік кірістер департаменті, кәсіподақ ұйымдары, Жұмыс берушілер Ұлттық Конфедерациясының өкілі мүше ретінде тұрақты қатысады. Жыл басынан бес рет комиссия отырысы өтіп, жалақы және әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өтеу, өндірістік жарақаттануды азайтуды реттеу мәселесі қаралды. Астанадағы кәсіпорын мен жұмысшылар арасында әлеуметтік шиеленіс пен жанжалды жағдайдың алдын алу, сондай-ақ жалақы бойынша берешекті бар компаниялар туралы мониторинг жүргізіледі, – деді салаға жауапты басшы Ерлан Исмағұлов.

Еңбек дауларының себеп-салдарын қарағанда, жұмыс бе-



рушінің жалақыны кешіктіру немесе жұмысшы жалақы мөлшеріне қанағаттанбау, көп жағдайда жұмыс беруші мен қызметкер арасында келісімшарттың болмауы себеп болады. Құрылыс саласында еңбек шартына отырмай жұмыс істеп жүрген адам қаншама?! Олар жалақыны қолма-қол алып, көлеңкелі экономиканың үлесі артуына үлес қосады.

Астана қаласы Кәсіподақтар орталығының төрағасы Төлеген Күнәділовтің сөзінше, құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек жағдайын бақылау, өндірістік жарақат деңгейін төмендету мақсатында жұмыс тобы құрылып, бірқатар құрылыс объектісінде мониторинг жүргізді. Мердігер компания жұмыс ауқымын игертуде қосалқы құрылыс ұйымын тартады. Қосалқы компаниялар жалдамалы жұмысшы тартып, олармен келісімге отырмайды. Егер жазатайым оқиға туындаса, онда бас мердігер жауапкершіліктен бас тартып, әлеуметтік мәселені шешуден жалтарады. Бірқатар құрылыс компаниясының жұмысшылары еңбек келісім

шартын жасауға өздері ыңғай білдірмей отырғаны анықталды. Олардың айтуынша, қазіргі уақытта отбасын асырау үшін қолма-қол ақша алу тиімді.

## ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАЛУ МАҢЫЗДЫ

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) мәліметінше, әлемде 250 миллион жасөспірім еңбекпен шұғылданады. Дамыған және дамушы елдерде бала еңбегі маңызды рөлге ие. Әсіресе кедей елдерде балаларды тегін жұмыс күші ретінде тартады. Халықаралық норма бойынша 14-16 жастағы балалар аптасына 24, ал 16-18 жастағы жеткіншектер 36 сағаттан артық жұмыс істемеуі керек.

«Бала құқығы» туралы заңға сәйкес, кез келген 14 жасқа толған бала ата-анасының рұқсатымен, оқудан тыс уақытта жұмыс істей алады. Алайда жұмыс баланың физиологиялық және психоәлеуметтік дамуына кері әсер етпеуі керек.

Жалпы ішкі өнім бойынша әлемде 12-орындағы Кореяның өсіп-өркендеуі халқының еңбексүйгіштігімен тікелей

байланысты. Корей қоғамында еңбек мәдениеті қалыптасуында жастарды еңбек етуге баулу және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу жүргізілді. Біздің елде де жастарды еңбеккер етіп тәрбиелеу – маңызды міндет. Бұл жолда жастардың еңбек етуін қолдап, адал еңбегіне сай еңбекақысын беру маңызды. Алайда жастардың еңбегін қанау фактілері туралы естіп, біліп жүрміз. Жасөспірімдер мен жастардың еңбегін қанау, бұл – жастарды еңбек етуден жирендіретін құбылыс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қоғамда еңбек адамы бірінші орында тұруы керек. Өйткені барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлікте.

– Еңбек кодексінің 23-бабына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскерге сынақ мерзімін белгілеуге құқылы. Сынақ мерзімі еңбек шартында көрсетілген жұмыс басталған күннен басталып, жұмыскердің жұмыс өтіліне қосылады және үш айдан аспауы керек. Кодекстің 37-бабына сәйкес, сынақ мерзімі кезеңінде жұмысшы теріс нәтиже берсе,

онда жұмыс беруші еңбек шартын бұзу туралы хабарлама береді. Еңбек шарты тоқтаған жағдайда компания башысы үш жұмыс күнінде қызметкердің тиісті еңбекақысын өтейді. Егер талап орындамаса, онда қызметкер еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға жүгінуге құқылы, – дейді Ерлан Исмағұлов.

Жасыратыны жоқ, қалалық жерде мектептің жоғары сынып оқушылары, колледж және университет студенттері бос уақытында көлік жуу орталықтарында, мейрамханаларда және тағы басқа кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыс істейді. Сондай жастың бірі – Азамат Бейсенбаев. Ол сол жағалаудағы мейрамханаға бармен болып бір айға жуық уақыт жұмыс істейді. Өз қолым өзіме жетті, үйдегілерге көмектесетін болдым деп жүргенде менеджер талапқа сай келмейсін деген ұяж айтады. Ақыры не тиісті жалақысын алмайды. Сөйтіп, сағы сынып, келешекте елден кетемін деген шешім қабылдайды. Мұндай жағдайға тап болған жастар

не істеуі керек? Бұл сұрақты Астана қаласының Кәсіподақтар орталығының төрағасы Төлеген Күнәділовке қойдық.

Сарапшылар еңбек даулары орын алмас үшін балалар өзінің құқығын білгені дұрыс дейді. Қазір балалар түгел ересектер конституциялық құқығын қолдана бермейтіні белгілі.

– Біз ірі сауда орындарындағы жас сатушылар мен тұрғындарға ақпараттық парақшалар таратып, өз құқығы мен міндетін білуге шақырып, құқықтық түсіндірме жұмысын жүргіземіз. Жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, қорғау біздің назарымыздан түспейді. Астана қаласының білім қызметкерлері кәсіподағының өкілдері жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру сабағын дәстүрлі өткізіп келеді. Жасөспірімдерге жұмыс беруші мен жұмысшының құқығы мен міндеті, кәсіподақтың еңбек қатынастарын реттеудегі қызметі туралы түсіндіреді, – деп жауап берді елордалық кәсіподақтың төрағасы.

## ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІ НЕ ДЕЙДІ?

Қоғам өкілдерінен еңбек қатынастарындағы заңдылықтарды қаншалықты білетіні туралы сұрадық.

**Мақсат ДҮЙСЕНОВ, Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы еңбек қарым-қатынастарын бақылау бөлімінің башысы:**

– Жұмыскерлердің еңбек құқығы бұзылған жағдайда біздің басқармаға жүзіне алады. Өтініш беруші жұмыстан шығару туралы бұйрықты заңсыз, негізсіз екенін дәлелдейтін құжатты ұсынады. Еңбек шартының бұзылуы заң аясында болғаны немесе болмағаны тексеріс нәтижесінде анықтаймыз. Енді жұмыс беруші жастарды болсын, ересектерді болсын жұмысқа алған кезде еңбек шартын жасауы керек. Егер шарт жасалмаған жағдайда заңға сәйкес жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

**Еркінжан БӨКЕЙХАН, Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия директоры:**

– Қазір мектеп оқушыларын жұмысқа тарту заңмен қудаланады. Сөзсіз, жасөспірімдерді еркінен тыс жұмысқа жезу заң аясында жазалануы керек. Бұған еш қарсылығым жоқ. Алайда ата-анасының рұқсатымен денсаулығына нұқсан келтірмейтін, оқуына бөгет болмайтын жұмыстардан баланы шектеу дұрыс емес. Өйткені бала еңбек арқылы өмірді таниды, көзқарасы қалыптасады. Білім беру орындарында «еңбек» сабағының басты мақсаты – оқушыларды әртүрлі шаруаға икемді болуына, істің көзін табуына үйретеді. Сондықтан, оқығанын, көргенін іс жүзінде жасап көргені дұрыс. Қандай жағдай болғанын, баланың еңбекке ерте араласып, жауапкершілікті сезініп өскені жақсы. Кейде жасөспірімдердің еңбегін қанайтын жағдайлар кездеседі. Заң салтанат құрған, әділетті елде мұндай келеңсіз жағдайларды алдын алу маңызды.

**Самат АЙТЖАН, ата-ана, Астана қаласының тұрғыны:**

– Біздің балалық шағымыз 90 жылдарға тура келіп, дала еңбегімен өмірді таныдық. Ұл-қыздарымыз да еңбекпен тәрбиеленгені дұрыс санаймын. Үлкен ұлым 10-сыныпты бітірді. Менің рұқсатыммен көлік жуу орталығында жазда жұмыс істеді. Сөйтіп, ақшаны мандай термен табу керектігін түсініп, еңбектің құнын білді. Әрі өзі тапқан қаржыға мектепке керектісін сатып алды.

**Құдайберген СӨРСЕНБАЕВ, 24 жас:**

– 11 сыныпты оқып жүргенімде анамнан рұқсат алып, бармен болып жұмыс істедім. Бұл жұмысты колледжде оқыған жылдары да жалғастырдым. Осылайша анама салмақ салғым келмей, еңбекке ерте араласып, жауапкершілікті сезінуді, сапалы орындауды үйрендім. Қазір елордадағы мейрамханада менеджер болып жұмыс істеймін. Шүкір, табысым өзіме де, жақындарыма да жетеді.

## ЕҢБЕК АДАМЫ

# ЖОЛ БОЙЫНАН НӘПАҚА ТАПҚАН

Теміржолдың қара күші атанған жолшылар – қозғалыс қауіпсіздігіне ең жауапты тұлға. Жыл он екі ай ашық аспан астында еңбек ететін олардың әр күні теміржолдың бабын жасаумен өтеді. Біз бүгін Астана жол дистанциясының жол монтері Жангелді Құрманалиннің жұмысымен таныстық.


Райхан РАХМЕТОВА

Күнделікті әдетімен жұмысына жарты сағат ерте келген Жангелді жұмыс киімін киіп, «табельныйға», яғни жолшылар жиналатын арнайы орынға бет алды. Әріптестері де жиналып қалған екен. Сағат тоғызда тәлім бастығы бүгінгі күннің жұмыс жоспарымен таныстырып, жарты сағат нұсқаулық өткізді. Жұмыстың бар қыр-сырына қанығып, белгі берушілер қайда тұрады, қоршау қайда қойылады, бәрін пысықтап алған жолшылар тапсырманы түсініп, танысқанын растап, журналға қол қойған соң құрал-саймандарын асынып, жұмысқа бет алды.

– Міне, көріп тұрғаныңыздай, қар мен жауын-шашыннан бойына су жиналып, шіріген шпалдарды жаңасына

ауыстырып жатырмыз. Бұдан басқа күнделікті ағымдағы жол күтімін жасаймыз. Күн ысығанда рельс ұзарады, қыста қысқарады. Сол кезде оларды техникалық нормаға сай келтіріп сәйкестендіреміз, ақауапқыштар анықтаған ақаулар бойынша жұмыс жүргіземіз. Күтімі келіскен жолда қозғалыс та қауіпсіз екенін әрбір жолшы жақсы түсінеді, – дейді жолшы.

Тоғыздан аса жұмысқа кіріскен жолшылар кешкі алтыға дейін бір тынбады. Арасында жарты сағаттан екі рет үзіліс алып, дамылдап алады екен. Ондай кезде құралдардың бәрін жолдың бойынан алып, пойыздың өтуіне кедергі келтірмейді. Түскі үзіліске шыққан жолшылар арнайы жылыту күрмесіне келіп, үйден әкелген тамақтарын ішіп, біршама демалған соң жұмыстарын әрі жалғастырды.



– Жолшы болуға асқан білім керек емес шығар, бәлкім, бірақ мықты денсаулық пен шыдам қажет, түсті ажырата алмайтын дальтониктер, құлағы ауыр еститіндер, қан қысымы көтеріліп немесе түсіп кететіндер мен жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққандар мұндай ауыр еңбекке жарамайды. Сондықтан жолшылар жыл сайын компания тарапынан тегін ме-

дициналық тексеруден өтеді, теміржол стратегиялық нысан болғандықтан олардың психикалық денсаулығы да ерекше қаралады, – дейді Жангелді.

Жолшылар жұмысының ауыр кезеңі – қар қалың жауып, бұрқасын болып, боран соғатын күндер, әрине. Ондай кезде күні-түні жұмыс істеп, жаппай кезекшілікке шығатын жолшылар пойыздар қозғалысына қауіп төнбес үшін жол бойын, бағыттағыш бурмаларды қардан тазартып, уақытпен санаспай жұмыс істейді. Түнгі кезекшілікке шыққандарға айлығына үстемәкі төленеді. Бірақ, суыққа ұрыну, үсіп қалу қаупі де жоғары. Демалыста жұмысқа шыққан адам он күн ішінде бір күн жұмыстан босатылады. Бұл ретте оның жұмыс сағаттары есептеледі.

– Жұмыста еңбек жағдайы толық жасалған. Көріп тұрғаныңыздай, «табельныйда» тоназытқыш, қысқатолқынды

пеш, жұмсақ диван, үстел орындығымен, ыдыс-аяқ – бәрі тұр. Әрбір теміржолшы екі жылда бір рет шипажайда демала алады. Мұнда тиіп-қашып жұмыс істеп, әйтеуір күн өткізетіндерге орын жоқ. Себебі қазір ЕҚК, яғни еңбекке қатысу коэффициенті енгізілген, әрбір адам айлық жалақысы азайып қалмас үшін жұмыс істейді, – дейді жол монтері.

Жангелді Құрманалин Ақмола облысы Жақсы стансасында дүниеге келген, теміржолдағы еңбек өтілі 15 жылдан асады. Теміржол бойындағы стансада тұрса да, ол – өз әулетіндегі алғашқы теміржолшы. 2008 жылы уақытша істей тұрамын деп жолшылық жұмысқа кірген еді. Уақыт өте ол бұл жұмыс өзіне ұнайтынын біліп, түпкілікті қалып қояды. Бүгінде оның екі бауыры да теміржол саласында. Балалары астанаға оқуға түскеннен кейін 2018 жылы елордаға көшіп келіп, осында Астана жол дистанциясына жұмысын ауыстырады. Төрт баласының үлкендері үйлі болып, немересіне сүйікті ата болған жайы бар.

Астана қаласының Білім басқармасы мен Білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы Астана қаласы әкімдігінің Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейдің директоры Тулеуова Құлжан Дарбаевнаға жұбайы  
**Альжанов Имберген Каиржановичтің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

№105 (4538) 05/09/2023 Сейсенбі



## АЛТЫНШЫ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Өткен сенбі күні Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының VI маусымы «Боранды бекет» драмасымен ашылды. Әйгілі қаламгер Шыңғыс Айтматовтың шоқтығы биік бұл туындысын Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртаза қазақшалаған. Қоюшы режиссері – Ұланмырза Қарыпбаев. Суретші – Алан Саймин.

Шыңғыс Айтматовқа ҚСРО Мемлекеттік сыйлығы үш рет берілсе, соның соңғысын ол осыдан тура қырық жыл бұрын дәл осы «Боранды бекет» романы үшін алды. Аталмыш туындының премьерасы Әзірбайжан Мәмбетов театрында былтырғы сәуір айында өтіп, сахна саңлағының 90 жылдығына арналды. Бұл бекер емес, себебі Мәмбетов атындағы өнер ошағы «Боранды бекетпен» қатысты. Спектакльді сахналаған Ұланмырза Қарыпбаев сонда Мәмбетов атындағы арнайы сыйлықпен марапатталды. Жас режиссер спектакльде бірнеше сюжеттік линияны қамтыды. Драманың бас кейіпкері Едіге болса, Айт-

маговтың тағы бір кейіпкері Қазанғаптың бейнесін ашуға тырысты. Соның ішінде оның аманатына ерекше көңіл бөлген.

Биыл – Ақан сері Қорамсаулының туғанына 180 жыл. Соған орай Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры осы маусымда ән дүлдүлі туралы спектакль ұсынбақ. Аталмыш қойылым Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романы желісімен сахналанды. Қоюшы режиссері – Ұланмырза Қарыпбаев. Жаңа туындының премьерасы желтоқсан айына жоспарланып отыр.

Мәтіннің басты кейіпкері Қазанғаптың бейнесін ашуға тырысты. Соның ішінде оның аманатына ерекше көңіл бөлген.

Биыл – Ақан сері Қорамсаулының туғанына 180 жыл. Соған орай Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры осы маусымда ән дүлдүлі туралы спектакль ұсынбақ. Аталмыш қойылым Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романы желісімен сахналанды. Қоюшы режиссері – Ұланмырза Қарыпбаев. Жаңа туындының премьерасы желтоқсан айына жоспарланып отыр.

## БАСКЕТБОЛ БӘСЕКЕСІ

Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназияда Сарыарқа ауданының тұрғындары арасында баскетболдан қалалық ашық турнир өтті.



Қалалық турнирдің ашылу салтанатына Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев қатысып, сәттілік тіледі.

Қатысушы командалар жеребе бойынша топ-топқа бөлініп, командалар арасында тартысты ойындар болды. Жанкүйерлер өз командасын қызу қолдап, жарыстың көркін кіргізді.

Турнир қорытындысымен «Нұрбесік» командасы бірінші орын алды. Екінші және

үшінші орынды «Көктал-2» мен «Жалын» командасы өзара бөлісті.

Ойыншылар арасында «Жалын» командасының капитаны Ерболат Есмағанбетов «Үздік қорғаушы» атанды. Бауыржан Үрбаев («Нұрбесік» командасы) – «Үздік орталық ойыншысы», Сайран Каппасын («Көктал-2» командасы) – «Үздік ойыншы», Алданш Алдажаров («Көктал-2» командасы) «Үздік шабуылшы» атанды.

## ИСПАН ХАЛҚЫН ТӘНТІ ЕТТІ

Испанияның Дения қаласында XXX халықаралық фольклорлық би фестивалі өтіп жатыр. Қазақстан атынан Пиреней түбегіне аттанған Астана қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театрына фестиваль шымылдығын ашып, өнер көрсету құрметі бұйырды.



«Хуан Наварро» фольклорлық ассоциациясы ұйымдастырған фестивальдің ашылуы барысында 75 минут бойы өнер көрсеткен «Наз» театры өнерпаздарына испандықтардың ықыласы ерекше болды. Аса ыждаһаттылықпен, зейін қойып тамашалаған көрермендер астаналық бишілерді қайта-қайта сахнаға шақырды. Әсіресе «Наздықтар» «Қара жорға» биімен қошеметке бөленді. Барлық концерттік нөмерді Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясына қарасты «Қорқыт» этноансамблі сүйемелдеді. Ұлттық аспаптар үні мен ұлттық би үндесіп, испан халқын тәнті етті.

## МАРАФОНШЫЛАР МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

### Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жарысқа елімізге мемлекеттік органдардың басшылары, бизнес қауымдастық өкілдері, танымал әртістер, спортшылар мен жүгіру клубтарының мүшелері қатысты. Таңғы 06:00-де ЕХРО кешенінің маңына жиналған желаяқтар арасында Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұраев та болды.

Марафоншылар мерекесін ашқан Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев: «Астана Marathon-ның танымалдылығы артып келеді. Биыл әлемнің 10-нан аса елінен марафоншылар арнайы келді. Олар 10 және 42 шақырымды бағындырады.

Жүгірудің пайдасы және оның ағзаға әсері мол. Салауатты өмір салтының негізі – жүру, адымдап жүру, жүгіру және жүгіру кезінде орындалатын

түрлі жаттығу. Жүгіруді дағдыға айналдырған тұрғындардың саны арта берсін! – деді.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Astana Marathon Events командасы спорттық жарысты ұйымдастырды. 18 жастан асқан қатысушылар 42,2 шақырымға, 16 жастан жоғары желаяқтар 10 шақырымға жүгірді. Марафон қатысушылары мен қонақтары көңіл көтеретін бағдарлама мен фитнес жаттықтырушылар ұйымдастырған дене қыздыратын жаттығуға қатысты. Марафонға қатысушыларға әр 5 шақырым сайын су ұсынылды. 42,2 шақырымға жүрген марафоншыларға изотоникалық сусындар берілді.

2018 жылы Astana Marathon халықаралық марафондар мен жүгірулер қауымдастығына (AIMS) кірді. Бұл жарыс Орта Азиядағы ең танымал марафонға айналды. 2019 жылы Astana Marathon World Athletics Bronze Label-ді жеңіп, ол әлемдік атлетика ұйымы мойындаған Орталық Азиядағы алғашқы Label марафоны болды. 2020 жылдан



бастап Astana Marathon Abbott World Marathon majors Wanda Age Group біліктілігі жоғары марафондардың тобына кірді.

Жарыс қорытындысы бойынша 42,2 шақырымға жүрген әйелдер

арасында Гүлнұр Елемесова мәреге 3 сағат 1 минут 15 секундта бірінші келді. Екінші және үшінші орынды Әлия Тұранова (03:06:08) мен Айнұр Маликова (03:10:45) өзара бөлісті. Ерлер арасындағы марафонда өзбек-

тандық Нодир Таниев үздік болды. Ол 2 сағат 39 минут 20 секундта мәре сызығын кесіп өтті. Одан екі минут кеш келген астаналық Әкім Еркебай екіінші орынды алса, Айдын Қасенге (02:48:32) үшінші орын бұйырды.

18-39 жастағы әйелдер арасында Нұршат Есенбаева, ерлер арасында Мақсұт Шарипов дараланды. 40-44 жас бойынша Бибігүл Сүлейменова мен Данияр Қасымов үздік шықты. 45-49 жастағы желаяқтар арасында Роза Баймусина мен Кирилл Сергеев мәреге бірінші келді. 50-54 жас категориясында – Радик Хасанов, 55-59 жас категориясында – Валентина Титовская, 60-64 жас категориясында – Байзақ Талапнұр, 65-69 жас категориясында Валерий Куликов бірінші орын алды.

10 шақырымға жүрген әйелдер арасында Ольга Саул (00:39:08), ерлер арасында Әлімжан Балтабек (00:33:08) жеңіске жетті.

– Алда Қазақстан чемпионаты өтеді, соған қатысамын. Бұл жарыста баымды тексердім. Өзімнің ең үздік нәтиже – 31 минут. Рекордымды бұзбасам да, чемпион атанғанымға қуаныштымын, – деді жарыс жеңімпазы Әлімжан Балтабек.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №105

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлән ТІЛЕУБАЙ